

Уақыт өткен сайын елдегі денсаулық сақтау саласы дамып келеді. Жана стандарттармен толығып, сәйкесінше қызмет көрсету түріне де өзгеріс енуде. Облыстық медициналық орталығында өткен баспасөз туры барысында мамандар емдеу ұйымдарының қабылдау бөлімдері туралы сөз қозғады.

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2017 жылғы 3 шілдедегі №450 бұйрығында Қабылдау бөлімшесі квалификацияланған (шғыл) медициналық көмек көрсететін, маңызды кенес беру-емдік-диагностикалық бөлімше болып өзгеріске енді. Қазіргі уақытта өздерінің қорғандық, медициналық орталығы стандартқа сай жұмысын жүргізіп жатыр. Сондай-ақ, облыстық балалар ауруханасы, облыстық перинаталды орталық, аудандық ауруханалардың қабылдау бөлімдері де жана жүйе бойынша қызмет көрсетуде, - деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының бөлім басшысы Раушан Бактыберлина.

Енді келген пациенттер медициналық іріктеуге сәйкес үш топқа бөлініп ем алады. Жасыл аймақ бойынша сырттан бөлек есік ашылып, арнайы кабинеттер дайындалған. Мұнда жоспарлы науқастар қабылданады. Сыртқы есік алдына мрамор төселіп, мүмкіндігі шектеулі жандарға арнайы пандус салынған. Ал сары аймақ бойынша шғыл емес медициналық көмек көрсетуді қажет ететін пациенттер дертіне дауа табады. Бұл үшін де арнайы іріктеу залдары ашылған. Онда функционалды кереуеттер қойылып, жан-жағы ширмалармен бөлінген. Кардиомониторлар бар. Емделушілер бір жерде мультисциплинарлы, яғни хирург, терапевт, кардиолог, невролог, реаниматолог және тағы басқа мамандарға қарала алады. Медициналық консоль нүктелерінің жүргізілуі дәрігерлер жұмысына қарқын бермесе, кемітпейтіні анық. Керек кезде науқастанған кәсілерге лабораторлы және инструменталды зерттеулер (ЭКГ, УДЗ, ФГДС) жүргізілмек. Қызыл аймақта арнайы кабинетте қарқынды медициналық көмек көрсетуді қажет ететін пациенттер қабылданады. Олар үшін дефибриллятор, кардиомониторлар және тағы басқа қажетті медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қабылдау бөлімшесіндегі тағы бір жаналық – ота жасау бөлмесі мен ауруы белгісіз науқастарды динамикалық бақылауға уақытша жатқызатын диагностикалық палаталар ашылды.

Жедел жәрдем станциясы мен аурухана арасында орнатылған «КОМЕК» бағдарламасы ақхалаттылар үшін тиімді жоба болыпты. Көпшілікке көрсетіліп тұратын мониторда ауруханаға келе жатқан жедел жәрдемнің нөмірі жазылған. Науқасты алып шыққаннан бастап жағдайы нақтылана бастайды. Келгеннен кейін қабылдап алу батырмасын басып, емдеу аймағына қарай жөнелтіле береді. Тиянақтылық, оперативтілік деген осы.

Медициналык кызметтин сапасын арттыруга багытталган бастамалардын бірі – кабылдау боліміне келген ауыр жагдайдагы наукастарга кажетті мамандар арнайы кондырылган «SOS» жүйесі аркылы тез әрі жылдам шакыртылады. Мундай шакырту беріліп, дабыл кагылган сәтте дәрігерлер болімшеге жылдам жетуге тырысады.

Кабылдау болімінін шғыл наукастарды кабылдау жагынын кіреберісінен куту залы мен тіркеу болімі ашылган. Жүйе бойынша пациенттерді іріктеу үшін арнайы триаж медбикесі болініп, медициналык көмек корсетеді. Сондай-ак, куту залында наукастын таныс, туыстары отыратын орындыктар койылып, теледидармен жабдыкталган. «Ана мен бала» болмесі де куту залында отырған кішкентайларга жасалган жағымды жагдай.

Баспасоз туры барысында урология болімінде жасалып жатқан отага да кенінен токталды. Астана каласындагы ғылыми орталыктан келген маман Бактияр Галымұлы 4 ота жасауга дайындалып келіпті. Бүгін дейін Израиль еліне барып, біліктілігін арттырган ол Кызылорда облысындагы әріптестеріне корген-түйгенін айтқан.

- Сыр оніріне келгендегі негізгі максатым – аймактагы урология кызметін дамытуға үлес қосу. Біз бүгін аймактагы әріптестермен бірлесіп бүйректің ісігі, бүйректің тас ауруы, әйелдердің зәр ұстай алмау ауруына қарсы күрделі ота жасадық. Жана технологияны, заманауи медициналык құрал-жабдыктарды пайдалана отырып өз тәжірибеммен болістім, - деді урология саласының білікті маманы Б.Галымұлы.

Мемлекет жана стандарттар ұсынып, қызмет көрсету сапасын жақсартуды қоздеп отыр. Бұл өз кезегінде облыстагы медицина саласын жүйелендіріп, бірізділікке түсіруде. Ал дертіне дауа іздегендер үшін сапа – басты орында.

**Ж.Койшыбекова**